Ақкетік арайы

СЕЙСЕНБІ
№30 (1357)
4 тамыз 2026 жыл

ГАЗЕТ 1931 ЖЫЛДЫҢ 5 ТАМЫЗЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ТҮПҚАРАҒАН АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

Құттықтау

ТҮБЕКТЕГІ ТҰҢҒЫШ БАСЫЛЫМҒА – 95 ЖЫЛ

Құрметті «Ақкетік арайы» қоғамдық-саяси газетінің ұжымы, ардагер журналистер және оқырмандар!

Сіздерді ауданымыздың шежірелі басылымы – «Ақкетік арайы» қоғамдық-саяси газетінің 95 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Тоқсан бес жылдық тарихы бар басылым – Түпқараған өңірінің өткені мен бүгінін, жетістігі мен жаңалығын, елдің тыныс-тіршілігін елге жеткізіп келе жатқан тағылымы мол ақпарат айнасы. Газет саналы ғұмырында өңірдің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірінің айнымас шежіресіне айналып, халық пен билік арасындағы сенімді байланысты нығайтуға зор үлес қосты.

Осы жылдар ішінде басылымда қызмет еткен аға буын журналистердің еңбегі мен бүгінгі шығармашылық ұжымның кәсіби ізденісі газет беделінің артуына негіз болды. Сіздердің адал еңбектеріңіз, шынайы ақпарат таратудағы жауапкершіліктеріңіз бен туған өлкенің дамуына қосып жүрген үлестеріңіз әрдайым жоғары бағалауға лайық.

Мерейлі мерейтой қарсаңында газет ұжымына шығармашылық шабыт, тың бастамалар, кәсіби табыс тілеймін. Қаламдарыңыз ұштала берсін, оқырман сенімінен әрдайым шығып, ауданымыздың өсіп-өркендеуі жолындағы игі қызметтеріңіз жалғаса берсін!

Мерейтой құтты болсын!

Ізгі тілекпен,
Ержан КҮМІСҚАЛИЕВ,
Түпқараған ауданының әкімі.

ҚҰРМЕТТІ «АҚКЕТІК АРАЙЫ» ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІНІҢ ҰЖЫМЫ!

Сіздерді ауданымыздың төл басылымы – «Ақкетік арайы» газетінің 95 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Ғасырға жуық тарихы бар басылым – ауданымыздың өткені мен бүгінін сабақтастырып, ел өміріндегі маңызды оқиғаларды халыққа уақытылы әрі шынайы жеткізіп келе жатқан рухани құндылықтардың бірі. Газет беттерінде өңірдің жетістіктері, елдің тыныс-тіршілігі, еңбек адамдарының өнегелі жолы мен қоғамдық маңызы бар мәселелер кеңінен көрініс тауып келеді.

Қай кезеңде де журналистиканың басты ұстанымы – халыққа қызмет ету. Осы жауапты міндетті абыроймен атқарып келе жатқан басылым ұжымының еңбегі қашанда құрметке лайық. Сіздердің кәсібиліктеріңіз бен ел мүддесіне деген адал көзқарастарыңыз оқырман сенімін нығайтып, ауданымыздың ақпарат кеңістігінің дамуына зор үлес қосып келеді.

Осынау айтулы мерейтойда барша редакция ұжымына шығармашылық шабыт, толайым табыс, мықты денсаулық және жаңа белестер тілеймін. «Ақкетік арайы» газетінің мерейі асқақтап, оқырманымен бірге жасай беруіне тілектеспін!

Құрметпен,
Айнагүл БАЙБАТЫРОВА,
Түпқараған аудандық мәслихатының төрағасы.

«ГАЗЕТ – ХАЛЫҚТЫҢ КӨЗІ, ҚҰЛАҒЫ ҺӘМ ТІЛІ». ҰЛТ ЖАЗУЫНЫҢ РЕФОРМАТОРЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ АЙТҚАН ОСЫ АЙҚЫНДАМА АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ ҚАНША ЖЕРДЕН ЦИФРЛАНҒАНЫМЕН ҚҰНДЫЛЫҒЫН ЖОЙҒАН ЖОҚ. ӨЙКЕНІ ГАЗЕТ – ЖҰРШЫЛЫҚТЫ ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫМЕН СҮЙІНШІЛЕП, РУХАНИЯТҚА БОЙЛАТАТЫН, БИЛІК ПЕН ХАЛЫҚ АРАСЫН БАЙЛАНЫСТЫРАТЫН САЯСИ, ҚАЖЕТТІ ҚҰРАЛ.



ҚОЛДАУШЫСЫ БАР БАСЫЛЫМНЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

Ал қажеттіліктен ешкім де бас тартпайтыны анық. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында «Газет-журнал оқу – жас кезімнен қалыптасқан дағды. Мен ақпарат кеңістігіндегі үрдістерді жіті қадағалап отырамын. Жазбаша мәтіндердің мән-маңызын төмендетуге болмайды. Мерзімді баспасөз бәрібір мемлекеттік саясаттан хабар беретін маңызды ақпарат көзі болып қала береді» деген болатын.

Түбектің тұңғыш үнжариясы болған «Жаңа жұртшылық» газетінің құрылғанына биыл 95 жыл толып отыр. 1931 жылдың 5 тамызында халыққа жаңалық жаршысы болып, халықтың мұң-мұқтажын жеткізіп келе жатқан аудан баспасөзінің алғаш саны жарық көрген. Газет төтеше араб әріпімен басылған. 1932 жылдан бастап газет атауы «Колхоз жолы» болып өзгереді. Елдің сауаттануына байланысты оқырмандар саны артып, төрт бет болып латын әріпінде шығарыла бастады. «Колхоз жолының» редакторлары болып әр жылдары Ғ.Нұрышов, Ж.Қызылбайұлы, Т. Мұхамбетов, Қ.Сүйімбаевтар басқарып, газеттің халықтың тірегіне, жаңалықтар жаршысына айналуына үлкен үлес қосты. Редакцияға 1934 жылдың қыркүйек айынан бастап жаңа кириллица әріптері келіп, енді орыс тілінде тапсырыстар қабылданатындығы туралы хабарландырулар жарияланған. Ал 1940 жылдан бастап толықтай кириллицамен шығып отырған. Газет редакциясы мен баспа үйі ол кезде Форт-Шевченко қаласы, Киров көшесінің 92 үйінде орналасқан. 1950 жылдан бастап газет атауы «Ленин туы» болып өзгереді. Газеттің және аудандық баспахананың редакторы болып көп жылдар бойы М. Бимағамбетов қызмет атқарады. 1962 жылдың көктемінен бастап Қазақстан Коммунистік партиясы облыстық комитетінің шешімімен аудандық баспаханалар мен газеттер өз жұмысын тоқтатады.

Түбектегі тұңғыш басылымның 95 жылдық тарихи аз уақыт емес. Бұл өлке журналистикасының тарихын әлі де зерттеп, зерделі талап етеді. Осы уақыт аралығында өлкедегі тұңғыш басылым халық тіршілігімен біте қайнасып, оның тұрмыс жағдайымен, әлеуметтік-рухани жай-күйімен бірге жасасып келді. Өзінің алғашқы санынан колхоз құрылысының жетістіктерін, ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығын, балық аулау ісін насихаттаудан бастаған газет соғыс жылдары да, одан кейінгі кезең тудырған түрлі жағдайларды да үзбек жариялап келді. Мұның айқын айғағы – сол кездерде газет бетінде берілген түрлі айдарлармен жарық көрген мақалалар қайнаған тыныс-тіршілікті аңғартса керек. Сонымен қатар әйел теңдігі, көп әйел алушылыққа тыйым, маскүнемдікпен күрес тақырыптары да газет бетінде көрініс тапқан.

Еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан кейін аудандық газетке деген сұраныс оянып, араға көп жылдар салып аудан өз үнжариясын қайта қолға алды. Солай 2002 жылы «Түпқараған жаңалықтары» газеті дүниеге келді. Ал бүгінгі «Ақкетік арайы» атауы 2004 жылы өзгертілді. Сол жылдардан бері қарай газетте Есберген Інірбайұлы, Мұқанбетулла Кемер, Милана Елеусінова, Айсағали Қыдыр. Клара Қансұлтанова редактолық етті. Қарымды қаламгерлер мен мықты журналистердің осы аудан айнасының қалыптасуына қосқан еңбектері орасан зор. Егемендік алғаннан кейінгі тұста да аудандық басылым азаттық айбынын, ел жетістіктерін назардан тыс қалдырған жоқ. Оның берісінде ауданның тыныс-тіршілігін үнемін ақпараттандырып, басылым көзі қарақты оқырманның көзайымына айналды. Бір сөзбен айтқанда, аудандық газет ауданның тыныс-тіршілігін толық қамтып, аудан айнасы болу мақсатын ұстанады. Талай толғақты кезеңді бастан өткеріп, уақыт көшінен қалмай, оқырман құрметіне бөленген Түпқараған аудандық «Ақкетік арайы» газеті алдағы уақытта да тәуелсіз елдің төл басылымы бола бермек. 95 жылдық жылнаманы қысқаша түгендей отырып, жаңа белестерді бағындыратын болады. Қолдаушысы мен тұрақты оқырманы барда газеттің құны шарықтап, мазмұны арта берері сөзсіз.

Жадыра ЖОЛДАСОВА.

СПОРТ

ТҮПҚАРАҒАН БАРЫСЫ АНЫҚТАЛДЫ

АҚШҰҚЫР АУЫЛЫНДАҒЫ СПОРТ МЕКТЕБІНДЕ ҚАЗАҚТЫҢ ТӨЛ СПОРТЫ – ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ЕРЕСЕКТЕР АРАСЫНДАҒЫ «ТҮПҚАРАҒАН БАРЫСЫ – 2026» АУДАНДЫҚ ІРІКТЕУ ЖАРЫСЫ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ДҮБІРЛІ ДОДАҒА АУДАННЫҢ ӘР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕН КЕЛГЕН МЫҚТЫ ПАЛУАНДАР ҚАТЫСЫП, БОЗ КІЛЕМДЕ ӨЗАРА БАҚ СЫНАДЫ. ЖАРЫСҚА ЖИНАЛҒАН КӨРЕРМЕНДЕР ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫҢ КӨРКІН ҚЫЗДЫРҒАН ТАРТЫСТЫ БЕЛДЕСУЛЕРДІҢ КУӘСІ БОЛДЫ.



Аталған жарыс – еліміздегі ең беделді ұлттық спорт додаларының бірі саналатын «Қазақстан Барысы» республикалық турнирінің облыстық кезеңіне жолдама беретін маңызды іріктеу сайысы. Сондықтан әрбір палуан жеңіске жетіп, аудан намысын облыстық деңгейде қорғауды мақсат тұтып, бар күш-жігерін салды.

Ережеге сәйкес спортшылар 90 келіден жоғары салмақ дәрежесінде белдесті. Әр белдесу жоғары қарқынмен өтіп, палуандардың күш-қайраты, шеберлігі мен тактикалық дайындығы сынға түсті. Боз кілемдегі тартысты кездесулер көрермендердің ерекше қызығушылығын тудырып, ұлттық спорттың өрелі деңгейін тағы бір мәрте айқындады. Жарыс қорытындысында өз қарсыластарынан басым түсіп, аудан намысын «Қазақстан Барысы» республикалық турнирінің облыстық кезеңінде қорғайтын үздік түйе палуандар анықталды.

Жарыстың марапаттау рәсіміне аудандық мәслихат депутаты, қазақ күресі аудандық федерациясының төрағасы Максим Майшаев арнайы қатысты. Ол ұлттық спорттың дамуына үлес қосып жүрген жаттықтырушылар мен ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп, мұндай жарыстардың жастарды отансүйгіштікке, қайсарлыққа және салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеуде маңызы зор екенін атап өтті.

Өз сөзінде Максим Майшаев аудан палуандарының дайындық деңгейі жылдан-жылға артып келе жатқанын, олардың белдесу мәдениеті мен шеберлігі жоғары екенін ерекше атап өтті. Жарыс қорытындысы бойынша:1 орын – Бердімұрат Нұрболат; 2 орын – Шакизаев Бекзат; 3 орын – Бүркітбай Салауат.

Сонымен бірге, аудандық мәслихат депутаты Максим Майшаев демеушілік танытып, жарыс жеңімпазына iPhone телефонын сыйға тартты. Сондай-ақ жүлдегерлерге Түпқараған аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің арнайы дипломдары мен белбеулері табысталып, олардың еңбегі лайықты бағаланды.

Қазақ күресі – халқымыздың рухын, ерлік пен қайсарлық қасиетін дәріптейтін ұлттық мұра. Осындай жарыстар арқылы жас буынның ұлттық спортқа деген қызығушылығы артып, палуандардың кәсіби шеберлігі шыңдала түсуде. Ауданымызда қазақ күресінің дамуына ерекше көңіл бөлініп, спортшылардың республикалық және халықаралық деңгейдегі додаларда табысты өнер көрсетуіне жан-жақты қолдау көрсетіліп келеді.

«Түпқараған Барысы – 2026» турнирі де ұлттық спорттың мерейін асырып, көрермендерге әсерлі белдесулер сыйлаған айтулы жарыстардың біріне айналды. Бұл додада топ жарған палуандар енді облыстық кезеңде аудан намысын абыроймен қорғауға күш салады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді шын жүректен құттықтаймыз! Түпқараған-нан Қазақстан Барысы шықсын!

Ринат ЖЕМЕНЕЙ.